



# Күз мезгілінің картотекасы

## №1

**Бақылау:** Жаңбырды бақылау.

**Мақсаты:** Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.

**Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту.

**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.

**Жеке жұмыс:** Ал керемет бұл қандай?

Төгіледі төбеден.

Көк теңізден құйғандай

Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)

**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.

**Ойын:** «Айгөлек-ау айгөлек».

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

**Қимылдық ойын:** «Сұр қоян».

**Ойын барысы:** Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:

Бармақ болып тоғайға сұр көжек,

Жуынып жатыр бүгжеңдеп:

Тұмсығын жуды,

Құйрығын жуды,

Құлағына жуды-түртінді,

Құп-құрғақ боп сүртінді.

Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.

2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.

**Тренинг:** «Қолшатыр».

**Бақылау:**Бұлтты бақылау.

**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату.

**Еңбек:**Ауладағы гүлдерді суару.

**Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.

**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып  
Жерге қайтар су болып. (Бұлт)

**Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.

**Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?»

**Мақсаты:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.

**Қимылдық ойын:** «Соқыр теке».

**Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ», - деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.

**Дербес ойындар:**

1.Әткіншектебу.

2. Тартылғышқа тартылу.

**Тренинг:** «Біз тату баламыз».

### №3

**Бақылау:** Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.

**Мақсаты:** Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.

**Еңбек:** Құстарға жем сауыт жасау.

**Мақсаты:** Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** Сап-сары боп келе жатқан,  
Сезді мекен күзді олар.  
Қарлығаштар ұшып кетті,  
Ұшып кетті тырналар.

**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.

**Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?»

**Мақсаты:** Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкію үлгісін көрсете түсіндіру.

**Қимылдық ойын:** «Аттамақ».

**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

**Ойын барысы:** Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Біріншісі-төмен, оны аттап өту керек, екіншісі-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп, содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап, алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.

1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.

2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.

**Тренинг:** «Тырналар болып ұшайық».

#### №4

**Бақылау:** Желді бақылау.

**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.

**Еңбек:** «Әдемі гүлдер»

**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.

**Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел»

**Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.

Жел улейді у-у-у.

Құйын келіп билейді зу-зу-зу

Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу,

Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.

**Қимылдық ойын:** «Айгөлек-ау, айгөлек».

**Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшандыққа баулу.

**Қимылдық ойын:** «Орамал тастау».

**Ойын барысы:** Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады.

**Дербес ойындар:**

1. «Желмен жарысайық»
2. «Менің әдемі үйім» (құрастыру)

**Тренинг:** «Қолшатыр астында».

## №5

**Бақылау:** Көшедегі машиналарды бақылау.

**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.

**Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту, су құю.

**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.

**Жеке жұмыс:** «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу

**Мақсаты:** Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қойр молайту.

**Қимылдық ойын:** «Ақ қояным»

**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.

**Қимылдық ойын:** «Ұшты-ұшты»

**Ойын барысы:** «Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты», - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға, үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.

**Дербес ойындар:**

- «Тәтті тоқаштар» пісірейік
- «Мені қуып жет».

**Тренинг:** «Шаңырақ»

## №6

**Бақылау:** Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.

**Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру.

**Еңбек:** «Біздің ойыншықтар».

**Мақсаты:** Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.

**Жеке жұмыс:** Такпақ: «Құстар қайтып барады».

**Мақсаты:** Балаларға такпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.

Қазан толы

Дәулет қорын қалады.

Заңғар көкке жол сызып,

Құстар қайтып барады.

**Қимылдық ойын:** «Жүзік салу»

**Мақсаты:** Зейін қойып тыңдауға үйрету.

**Қимылдық ойын:** «Сымсыз телефон».

**Ойын барысы:** Балалар сап түзеп тұрады. Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады. Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды. Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді. Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б

**Дербес ойындар:**

1. Тығылыспақ

2. Өткеншек тебу.

**Тренинг:** «Құс болып ұшайық».

**Бақылау:** Ауа-райын бақылау.

**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.

**Еңбек:** «Таза алаң».

**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуов «Күшік».

**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.

Е.Өтетілеуов. «Күшік».

Үреді үйшікте

Аулада күшіктер

Біреуі оның қап-қара,

Біреуі сары ала

Біреуі қардай ақ,

Біреуі сұр жолақ

Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:

Үреді абалап

**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».

**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.

**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».

**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.

Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи», - дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіруге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

1. Эткеншек тебу.

2. Допты қуалау.

**Тренинг:** «Біз біргеміз».



## №8

**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.

**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.

**Еңбек:** Жапырақтардан гүл шоғын жасау

**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.

**Жеке жұмыс:** «Күзгі жапырақ» тақпақ

Қыстың жақын қалғанын,

Жапырақтар сезгендей.

Желмен ұшып барады,

Жерге қонып үлгермей

**Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.

**Ойын:** «Аю жүрген орманда».

**Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту

**Қимылдық ойын:** «Монданақ».

**Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады. Ортаға біреу шығады. Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ, міне кетті монданақ», - деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды. Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

1. Орта доп

2. Әткеншек тебу

3. Қуаласпақ

**Тренинг:** «Бір шаңырақ астында».

**Бақылау:** Алтын күзді бақылау.

**Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.

Қуандырып біздерді,

Мерекелі күз келді

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз.

Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғыш өтеміз», «Қоян мен қасқыр».

Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.

**Еңбек:** «Таза алаң»

**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.

**Жеке жұмыс:** «Отбасы мүшелері»

**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.

**Қимылдық ойын:** «Көрші».

Мақсаты: Балалардың ептілікке, сезімталдық, кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту. Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.

**Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып, бірінің артына бірі тұрады. Олардың алдынан 3-8 метр жерден сызық жүргізіледі. Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады. Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүтрген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса, қолынан жетектеп әкеліп, топтың алдына келіп тұрады. Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады.

Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп, теріс қарап тұрады. Ортасында тұрған қасқыр қуып береді. Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді. Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.

**Дербес ойындар.**

**Тренинг:** «Біз татумыз».

## №10

**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау.

**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырскаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.

«Қыстың қамын жаз ойла».

**Еңбек:** Біздің алаң.

**Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету.

**Жеке жұмыс:** Тыйым сөздерді жаттату.

**Мақсаты:** «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірма» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.

**Қимылдық ойын:** «Итеріспек»

**Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені.

Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені. Ойын жалғаса береді.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

1. Тығылыспақ.
2. Тартқышқа тартылу.
3. Допты қуалау.

**Бақылау:** Күнді бақылау.

**Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.

**Қимылдық ойын:** «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ»

Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.

**Еңбек:** Гүл шоғы.

**Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.

**Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам»

**Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.

Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам»

Сақта көше тәртібін

Бағдаршамның ал «тілін»

Біліп алдым мен де:

Жасыл жанса, демде

Алға кетем лезде.

Сары жанса , сабыр

Сақтай тұрам әзір.

Жанса қызыл шоқтай,

Қаламын кілт тоқтай.

**Қимылдық ойын:** «Үрпек төбет»

**Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы:

Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:

Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,

Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық,

Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,

Момақан, сырт пішіні жуас салғырт

Ояталық жақындап барайық та,

Қайтер екен содан соң-қарайық та.

Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет

қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

**1.Төбешіктен-төбешікке секір.**

**2.Күн мен түн**

**Тренинг:** «Күн шуағы».

## №12

**Бақылау:** Тұманды бақылау.

**Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.

**Еңбек:** Ағаштардың түптерін қопсыту.

**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп –баптауға тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** Мақал-мәтел.

Таза болса- табиғат,  
Аман болар –адамзат.

**Мақсаты:** Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету.

**Ойын:** «Біз кішкене отбасы»

**Мақсаты:** Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.

**Қимылдық ойын:** « Шымшық доп»

**Ойын барысы:** Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады.

**Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:**

1.Жарысу.

2.Төбешікке секіру.

## №13

**Бақылау:** Шықты бақылау.

**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.

**Еңбек:** Ағаш бұтақтарын жинау.

**Мақсаты:** Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.

**Жеке жұмыс:** «Менің Отаным» өлеңін жаттату.

Отан –менің ата-анам,

Отан-досым , бауырым.

Отан-өлкем, астанам,

Отан-туған ауылым.

**Мақсаты:** Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру.

**Ойын:** «Қояндар секіреді».

**Мақсаты:** Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

**Қимылдық ойын:** «Қаздар мен бақташы».

**Ойын барысы:** Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді.

Бақташы: Қаздар, қаздар!?

Қаздар: га,га,га

Бақташы:тамақ жейсіңдер ме?

Қаздар: иә, иә, иә.

Бақташы: Ендеше ұшыңдар.

Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар

Жібермейді ол жолда

Бақташы: тез ұшыңдар қалайда !

Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді.

Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді.

Еркін ойындар.

**Тренинг:** «Қаздар болып ұшайық».

## №14

**Бақылау:** Өткінші жаңбырды бақылау.

**Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.

**Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту.

**Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.

**Жеке жұмыс:** «Еңбекпен ел көгерер,  
Жаңбырмен жер көгерер».

**Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.

**Қимылдық ойын:** «Допты қуып жет».

Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

**Қимылдық ойын:** «Кім тезірек?»

**Мақсаты:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.

**Ойын барысы:** Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.

Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.

**Тренинг:** « Қолшатыр».

## №15

**Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.

**Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру.

**Еңбек:** Біздің ойын алаңы

**Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.

**Жеке жұмыс :** Жел тынымсыз гүлдеп,  
Болып кетті тым бұзық  
Шуылдайды тал терек,  
Жапырағын жұлғызып.

**Мақсаты:** Такпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..

**Қимылдық ойын:** «Айгөлек-ау, айгөлек».

**Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

**Қимылдық ойын:** «Фигура жасап шық»

**Ойын барысы:** Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе «тоқта» деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық «фигураларды» айналып шығып , ең ұнайтынын тандап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанатын.

**Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:**

- Қуаласпақ.
- Тығылыспақ.

**Тренинг:** «Киіз үй».



## №16

**Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау .

**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту.

**Еңбек:** Біздің аула

**Мақсаты:** Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.

**Жеке жұмыс:** Жұмбақ:

Алдым да әр түрінен жібек жіптің ,  
Аспанға әшекейлеп  
Кесте тіктім.

(Кемпірқосақ)

**Мақсаты:** Түстерді ажырата білу. Балалардың ой –өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.

**Қимылдық ойын:** «Тышқан мен мысық».

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.

**Қимылдық ойын:** . «Қимақ».

**Ойын барысы:** Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, «осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал», -дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды.

**Дербес ойындар:**

1.Әткеншек тебу.

2.Ирек жолмен жүру.

## №17

**Бақылау:** Ауа-райын бақылау.

**Мақсаты:** Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.

**Еңбек:** Гүл тұқымдарын жинау.

**Мақсаты:** Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру.

**Жеке жұмыс:** Сипап өткен самалға,  
Тербеледі сары алма.

Көз салып едім бақшаға,

Қауын біткен сары ала.

**Дидактикалық ойын:** «Жемістер мен көкөністер».

**Мақсаты:** Жемістер мен көкөністерді ажырату. Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру.

**Қимылдық ойын:** «Тышқан мен мысық»

**Мақсаты:** Балаларды тату ойнауға үйрету. Тез жүгіруге, ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.

**Қимылдық ойын:** . «Доппен ұрып алу».

**Ойын барысы:** Балалар дөңгеленіп тұрады. Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да, допты береді. «Бір, екі, үш» дегенде балалар жан-жаққа қашады.

Жүргізуші доппен ұрады. Кімге тисе сол ойыннан шығады. Ойын осылай жалғасады.

**Еркін ойын:**

- «Қуыршақты киіндіреміз».
- «Отбасы»

**Тренинг:** «Біз көңілді балалар».

**Бақылау:** Көгершінді бақылау.

**Мақсаты:** Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Еңбек:** Ауладағы құстарға жем беру.

**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** Жылы жаққа ұшпайтын

Біздің жақта қыстайтын

Құстар жүрсе жуықта,

Жем шашуды ұмытпа!

**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.

**Ойын:** «Шымшық доп».

**Мақсаты:** Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету. Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.

**Қимылдық ойын:** «Ұстаушы, лентаны ал».

**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.

**Ойын барысы:** Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады. Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойнынан айқара айналдыра байлайды.

Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады. Тәрбиешінің «Жүгір» деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді. Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады. Лентасынан айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады. Тәрбиешінің: «Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір!» деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған ленталардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді. Ойын жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып, қайталанады.

**Тренинг:** « Құс болып ұшайық»

## №19

**Бақылау:** Күзгі көріністі бақылау.

**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.

**Еңбек: Ойын алаңы.**

**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету.

**Жеке жұмыс:** «Күз» өлеңі.

**Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрінеді шалғайдан,  
Бел-белестер сарғайған.

Сары жапырақтар төгілген,  
Тоғайды да көрдім мен.

**Қимылдық ойын: «Қашпа, доп».**

**Мақсаты:** Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

**Қимылдық ойын:** «Жүгіріп өтуге үлгер».

**Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың біреуімен жіптің екі ұшын (ұзындығы 3-4м.) ұстап, оны жүгіріп келе жатқан балалардың бағытына қарай жайлап айналдырады. Балалар бірінен соң бірі, жіп жоғары көтерілген кезде жіптің астынан жүгіріп өтуге үлгеруі қажет.

Тәрбиеші балалар қимылын реттеп отырады. Ол әрбір жүргізушіге:

«Жүгір!» деген сигнал береді. Әрі қарай жіптің өтуге тырысулары қажет.

**Дербес ойындар:**

- Қуаласпақ
- Қояндар секіреді.

**Тренинг:** «Қолшатыр».

## №20

**Бақылау:** Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.

**Мақсаты:** Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру.

**Еңбек:** Біздің ауламыз.

**Мақсаты:** Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу.

**Жеке жұмыс:** «Күзгі киім».

**Мақсаты:** Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету.

**Қимылдық ойын:** « Күн мен түн».

**Мақсаты:** Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшаңдыққа, ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Қимылдық ойын:** « Ортасына дейін кім бұрын жетеді?».

**Мақсаты:** Балалардың қимыл- қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа , ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Ойын барысы:** Екі қысқа жұмыр таяқ алынады. Ұзындығы 8 м жіпті екі шынан байлайды. Оның қак ортасына лентемен байлап белгілейді. Балалар таяқтарды алады да, бір-бірінен алшақтап, екі жаққа қарай жіпті таяққа орап, екі қолдарымен таяқты айналдыра бастайды да , алға қарай жылжиды. Жіпті лентаға дейін кім бұрын ораса , сол жеңген болып есептеледі.

**Тренинг:** «Бір шаңырақ астында».

## №21

### Бақшада өнім жинауды бақылау

#### Бақылау

Қыркүйек айында бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар үсіп кетуі мүмкін. Балалармен өнімді жинағанға дейін бақшаны карап шығу. Балалар түптерді қарай отырып, қазылмаған көкөніс орындарын біледі. Балаларға өнімнің мол екендігін айтып, жаз бойғы еңбектерінің зая кетпегенін баяндау (суару, жерді қопсыту). Көкөніс өте бітік (жақсы) шыққан; өнім күтімге байланысты болады. Кейбір көкөністердің (қияр, қызанақ, кәді) суық түскенше жиналатынын түсіндіру. Көкөніс атауларын, пішінін, дәмін, түсін, иісін ажырата білуге үйрету. Көкөністердің піскенін ажырата білуге көңіл аудару.

#### Көркем сөз

Сентябрь – Қыркүйек, Көкөніс жүрміз теріп.

Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді

#### Мақал-мәтелдер

Не ексең, соны орасың. Қыстың қамын жазда ойла.

#### Ырым

Егер көкөністердің қабығы жұқа болса – қыс жылы, қалың және қатты болса – аязды болады.

#### Қимыл-қозғалыс ойыны

#### «Бағбаншылар»

Жүгіріп жарыса отырып (топтарға бөліну), тапсырманы орындау (көкөніс дақылдарын жинау). Тапсырманы дұрыс және бірінші болып орындағандар жеңімпаз атанады, ойынның аяқталуы бойынша әр топтағы балалар құрамын санау.

#### Еңбектену әрекеті

#### Бақшадағы өнімді жинау

Сәбіз бен қызанақты ұқыпты қазып алу, қазылған көкөністерді жәшіктер мен себеттерге салу, сабақтарын бір жерге үю. Балаларды тату жұмыс жасай білуге, бір-біріне кедергі келтірмеуге, ортақ істі бірлесіп аяқтауға дағдыландыру.

#### Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау

#### «Көкөністерге қажетті сөздерді тап»

Көкөністерге қатысты қажетті сөздерді таңда: байланыстыра сөйлей білу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

#### «Үсті-асты»

Сабағына тамырын сәйкес теруге үйрету.

#### Өзіндік іс-әрекет

Балаларды ойын таңдай білуге, рольді бөлісуге қозғау салу; бастапқы пәндік-кеңістік оқиғасын ойын тобында 3-4 адамнан ұйымдастыру.

Құстарды бақылау (қараторғай, қара қарға, қаратамақ, қаз, үйректің ұшып кетуі)

*Бақылау*

Балалар бойында құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру, балаларды өсімдіктер мен құстардың тіршілік ету әрекетіндегі өзгерістерді бақылауға үйрету, жәндіктердің болмауы, олар қоректенетін құстардың ұшып кетуі жайында әңгімелеу, балалар бойында құстарды өз қамқорлығына алу жайлы түсінік қалыптастыру.

*Көркем сөз*

«Қанатын қағып қаздар да, Көкпенен жүзіп өткен-ді»

### **Ырымдар**

Қаз ұшса – жақында қар түседі.

Қараторғай ұзаққа ұшпаса – күз құрғақ болады.

Қаздар ұшса, қыстың жақындағаны.

*Қимыл-қозғалыс ойыны*

### **«Құстардың ұшып кетуі»**

Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру.

*Еңбектену әрекеті*

### **Бақшада түбірлерді қазу**

Балаларды еңбектенуге тәрбиелеу, күректі қолдана отырып, сол аяқтың көмегімен жер түптерін қазу, жерді күрек сабының бойындай қазу. Қазылған құмды бір жағына үю. Күрекпен және тырмамен жұмыс жасай білуге үйрету.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

### **Жыл құстарын атау (доппен ойын)**

Допты лақтыру әдісі арқылы жыл құстарын тез атау.

*Өзіндік әрекет*

Балаларды өз рольдері мен серіктестерінің рольдерін есте сақтауға оқыту, ойын барысын толық орындауға және 1 сюжетте 2-3 рөл сомдауға үйрету; қарым-қатынас ережесін білу – бағыну, теңдік, басқару.

## №23

**Ағаштарды бақылау** (қайың, үйеңкі, терек, шырша, шетен ағашы, қарағаш)

*Бақылау*

Балаларға аулада өсіп тұрған ағаштарды айыра білге үйрету. Күз айында ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін сұрау? Жапырақты және қылқанды ағаштар туралы түсіндіру. Балаларға ағаштарды күтуге, олардан табиғат сұлулығының көркін сезінуге тәрбиелеу.

*Көркем сөз* Көше бойы аралас, Қаптап өскен қарағаш. Жемісі жоқ болса да, Саясы көп дара ағаш (А. Шаяхметов)

Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап. Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Салқын түссе шешіліп, Қалады өзі жайрап. (Ағаш)

**Ырымдар**

Егер де қайың ағашының жапырақтары жоғарыдан бастап сарғайса күз ерте түседі, ал төменнен болса – кеш түседі.

Шетен ағашының жемісі көп болса – жаз жаңбырлы және қыс қатты болады, аз болса – күз құрғақ болады.

*Қимыл - қозғалыс ойыны*

**«Аталған ағашқа жүгіру»**

Сыртқы көріністері ұқсас бола тұрса да ағаштардың айырмашылығын табу, қандай ағаш аталды, және сәйкес келсе «*бір, екі, үш – жүгіреміз біз!*» деп дабылмен жүгіру.

*Еңбектену әрекеті*

**Құстарды қыста тамақтандыру үшін ағаш дәндері мен талдарын жинау**

Балаларды жұмыс жасай білуге үйрету, ол еңбектің мәнін түсіндіру.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар.*

*Тәжірибе жасау.* Түрлі ағаштардың жапырақтарын қарау, ұстау, көру арқылы ағаш жапырақтарының кедір-бұдыр ма әлде тегіс пе екенін анықтау.

*Түйін.* Ағаштардың жапырақтары әр түрлі.

*Өзіндік әрекет*

Ойынды ұйымдастыру кезеңінде (бастапқы және ойын барысында) балаларға роль таңдаудың, біреуге көмек жасау, қамқорлық көрсету, қиындықтан құтқару, тосқауыл болудың мәнін түсіндіру.



**Аула тазалаушының еңбегін бақылау**

*Бақылау*

Балалар назарын балабақша ауласының тазалығына аудару. Балабақша тазалығы аула тазартушының міндетінде. Күзде жерге жапырақтар көп түседі, аула тазартушы айналаны жиі түскен жапырақ қалдықтарынан тазартуы қажет.

Аула тазалаушының ауланы қандай құралдарды (сыпырғыш, күрек, қоқысқа арналған контейнер) пайдаланып тазалайтынын бақылау. Балаларды аула тазалаушының жұмысын жеңілдету үшін балабақша ауласын таза ұстауға көңілдерін аудару.

*Көркем сөз*

Жақсы жерге жүреді, Жаман жерде жатады. (Сыпырғыш)

**Мақал-мәтелдер**

Еңбек түбі – береке

*Қимыл-қозғалыс ойыны*

**«Айгөлек»**

Балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту, ауызша дабылдар (есімдері) бойынша әрекет ету.

Сапқа тұрғызу.

*Еңбектену әрекеті*

**Аула тазалаушыға көмектесу**

Әр баланың күші мен мүмкіндігіне байланысты жұмыс бөлу. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Жұмыс жасау үшін не қажет?»**

Түрлі кәсіп иелеріне қажетті құрал-саймандар туралы балалар білімдерін бекіту.

*Өзіндік әрекет*

Құрылыс салуға (үй, кеме) қажет заттарды жинауға үйрету; ойын барысында табиғи материалдарды (күм, су және т.б.) қолдану.

Балалар ойынының тақырыбы мен мазмұнын дамыту.

## №25

**Балабақшаға азық-түлік әкелген жүргізушінің жұмысын бақылау**

*Бақылау*

Балаларға жүргізушінің өз көлігін қалай күтетінін, оны қалай жөндейді, басқара білуі туралы әңгімелеу. Балаларға жүргізушінің өте ұқыпты болуы, жол қозғалысы ережесін жете білу қажет екенін түсіндіру.

*Көркем сөз*

«Бип-бип», «бип» дейді «Жол шетінде жүр» дейді Асығыс жүруге болмайды. Болмайды. Машина.

**Мақал-мәтелдер**

Көш көлікті болсын. Сабыр түбі сары алтын.

*Қимыл-қозғалыс ойыны*

**«Самокатпен жарысу»**

Бір аяқпен итеру арқылы тіке жүру, тепе-теңдікті сақтау. Жарыстарда самокатпен жүре білу дағдысын қалыптастыру.

*Еңбектену әрекеті*

**Гербарий жасау үшін өсімдіктерді жинау**

Атауларына, сыртқы белгілеріне байланысты бірнеше өсімдіктерді ажырата білуге үйрету. Балаларды ауладағы өсімдіктерді жинауға гербарийге түбірімен қазуды үйрету.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

**«Ойлан, тап, ата!»**

Машинаның құрылысы туралы білімдерін жетілдіру. Балаларды машинаның негізгі бөлшектерін (двигатель, кузов, кабина, дөңгелек рамалары), кабина құрылғыларын (руль, құралдар, орындық, әйнек) атай білуге оқыту.

*Өзіндік әрекет*

Балалардың ойын барысында өздері мен серіктестерінің әрекеттеріне ынта қоюға үйрету.

## №26

Температураның түсуін бақылау (термометрмен жұмыс)

*Бақылау*

Балаларға ауа температурасын бақылау үшін арнайы құрал термометр бар екендігін түсіндіру. Термометрдің құрылысы туралы (шкала, қызыл сұйықты бағана) баяндау. Жауын-шашынның ауа температурасына, ауа температурасының өсімдіктердің жағдайына әсерін байқауды үйрету, байқағыштықтарын, танымдық қызығушылықтарын дамыту.

*Көркем сөз*

**Метеоролог** Желдің күшін, екпінін, Бұлттың түсін, кескінін. Отырады бақылап, Қалт жібермей ешбірін.

**Мақал-мәтелдер**

Көктемгі әрекет-

Күздегі берекет.

Жаңбыр – егіншінің жаны.

**«Ыңғайлы бол»**

Екі аяқты серпу арқылы құралдан секіру. Ептілікті, жылдамдықты, төзімділікті дамыту.

*Еңбектену әрекеті*

**Аулада еңбектену**

Балаларды жұмыс уақытын үнемдеуге үйрету. Материалдар мен құралдарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау*

Тәжірибе жасау. Ауа температурасын өлшеу. Балаларды ай бойы (тәрбиешілердің көмегімен) ауа температурасын өлшей білуге үйрету.

Түйін. Ауа температурасы үнемі төмендеп отырады.

*Өзіндік әрекет.*

Балаларды ойын таңдай білуге, рольді бөлісуге қозғау салу; бастапқы пәндік-кеңістік оқиғасын ойын тобында 3-4 адамнан ұйымдастыру.

**Көгершіндерді (кептерлер) бақылау**

**Мақсаты:**

Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;

Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау.

**Бақылау барысы**

Көркем сөз:

Құстар менің достарым, Жемін, суын керекгін,

Құспен қызық аспаным. Күнде апарып беремін

Үйшік жасай білемін Олар мәз боп қалады,

Ағаштарға ілемін Шаттық әнге салады.

Қандай құстар алаңға келіп қонады?

Олар қайда тіршілік етеді?

Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?

Оларды кім қоректендіреді?

Көгершіндер қайда мекендейді?

Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.

**Зерттеу қызметі**

Кептер мен торғайды салыстыру

**Еңбек:**

Балабақша аумағына жем салғыш ілу

*Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.*

**Қимылды ойын:**

«Ұшады, с екіреді, жүзеді».

*Мақсаты:*

— балаларды жүкіруге үйрету;

— зверей, құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау

**Жаттығу ойындары:** «Қаданы (кегли) құлат».

*Мақсаты:*

Допты нысанаға лақтыру;

Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту.

**Халық болжамы:**

*құс жүнін үрпитсе, жауын болады;*

*жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;*

*құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.*

**Торғайларды бақылау**

**Мақсаты:**

Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;  
Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;  
— Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Бақылау барысы**

**Көркем сөз Ж. Смақов**

**Шыр, шыр еткен торғайды Таспен атып торғайды**

**Қорғамаса болмайды Ұя бұзған оңбайды.**

**Кіп-кішкене торғайлар Құс өкпелеп кетеді**

**Ағаштарды қорғайды Ауламызға қонбайды.**

Балалармен әңгімелесу:.

Қараңдаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар)

Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты)

Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер)

Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен)

Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді)

Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік.

Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды)

**Еңбек**

Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау

*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру*

**Қ/О:** «Бір, екі, үш-жүкір!»

*Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.*

**Жаттығу ойындары** «Шығыршыққа түсір».

*Мақсаты:*

Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру;

Затты көздеген нысанаға түсіруге жаттықтыру.

## №29

### Алғашқы қарды бақылау

**Мақсаты:** табиғат өзгерістерін көре білуге үйрету, әдемілікті сезіну.

### Бақылау барысы.

**Көркем сөз «Алғашқы қар» Қ. Ыбыраев**

Бейне ақ бұлт қонышты,

Аулаға қар толыпты.

Атам аңға шығатын,

Нағыз сонар болыпты.

Інім тұрып ертерек:

«Бір – ақ түнде қарашы,

Қар өсіпті жерге» - деп (тәрбиеші өлең мазмұны бойынша әңгіме жүргізеді)

### Тәрбиеші сұрақтары:

Алғашқы қар қанша уақыт ерімей жатады? (*екі – үш күн*)

Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (*ылғал*)

Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады? (*түнде*)

### Зерттеу жұмысы:

Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау.

Екі қарды салыстыру.

Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау.

Әлі қар ерімеген жерді табу.

### Еңбек:

Ағаш түптерін қармен жабу.

*Мақсаты: қардың қорғаныштық қасиеті туралы түсініктерін бекіту.*

### Қимылды ойын:

«Бір, екі, үш - тез жүгір!»

*Мақсаты: ептіліктерін, жүгіру жылдамдықтарын дамыту.*

**Жаттығу ойындары:** «Шеңберге түсір».

*Мақсаты:*

Белгі бойынша әрекет ету дағдыларына жаттықтыру;

Затты нысанаға лақтыра білу әрекеттерін тиянақтау.

### Халық болжамы:

*Қарашаның қары екі күн жатса – екі ай қыс,*

*Үш күн жатса – үш ай қыс болады.*

## №30

### Итті бақылау

#### Мақсаты:

Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.

#### Бақылау барысы

##### Көркем сөз

Ей, адамдар, адамдар!

Айналаға қараңдар,

Зардап шегіп жатпасын,

Аш үйіңнің қақпасын,

Жануарлар қорғансыз,

Далада қалып қоймасын.

Балаларға сұрақтар.

Иттің тұратын орны қалай аталады?

Иттің сүйікті тамағы не?

Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер?

Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвейлер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды.

Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар!

**Еңбек.** Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару.

*Мақсаты.* Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету.

Қ/О: «Біз көңілді балалармыз».

*Мақсаты:* Ойын шартын сақтап ойнауға баулу.

**Жаттығу ойындары:** Қозғалыстарын дамыту.

*Мақсаты:*

Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту;

Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.

**Тыйым сөз:** *Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.*